

|                                                                                                           |  |                                                                                                                                                                                       |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  |  SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Химиялық пәндер кафедрасы»                                                                               |  | 24 беттің 1беті                                                                                                                                                                       |
| Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар                                                     |  |                                                                                                                                                                                       |

## ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТАРҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

Пән: Бейорганикалық және физикалық химия

Пән коды: BFH 1203

БББ:6B07201 «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы»

Оқу сағаттарының /кредиттердің көлемі: 120 /4 кредит

Курс: 1 Семестр: II

Практикалық (семинарлық) сабақтар: 30 сағат

Шымкент, 2023

|                                                                                                           |                                                                                   |                                                                                                      |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Химиялық пәндер кафедрасы»                                                                               |                                                                                   | 24 беттің 2беті                                                                                      |
| Тәжірибелік сабақтарға арналған нұсқаулар                                                                 |                                                                                   |                                                                                                      |

Практикалық сабақтарға арналған әдістемелік нұсқау «Бейорганикалық және физикалық химия» пәнінің жұмыс бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама № 11 6.06 2023 ж.

Кафедра меңгерушісі х.ғ.к., профессор м.а.



Қ.Н. Дауренбеков

|                                                                                                     |                                                                                   |                                                                                                |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------|
| OÑTÚSTIK-QAZAQSTAN<br><b>MEDISINA<br/>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL<br/>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Химиялық пәндер кафедрасы»<br>Тәжірибелік сабақтарға арналған нұсқаулар                            |                                                                                   | 24 беттің 3беті                                                                                |

### №1 сабақ

**1. Тақырыбы:** Химиялық лабораторияда жұмыс жасау ережелері және жұмыс орнын ұйымдастыру. Бастапқы білім деңгейі.

**2. Мақсаты:** Студент бейорганикалық химия практикумының негізгі талаптары мен мазмұнын және химиялық зертханада жұмыс істеу ережелерін білуі тиіс.

**3. Оқыту міндеттері:** Студент химиялық зертханада жұмыс істеудің жалпы ережелерін сақтай отырып, жұмыс орнын оңай дайындап, химиялық ыдыстар мен аппараттарды оңай қолдана алуы керек.

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1. Химиялық зертханада жұмыс істеу ережесі.
2. Зертханалық журналды жүргізу.
3. Химиялық ыдыстар, олардың түрлері және қолданылуы.
4. Жұмыс орнын ұйымдастыру ережелері.

**5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары/әдістері/технологиялары:** кіші топпен жұмыс

**6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері:** ауызша сұрау/ тест-бақылау

**7. Әдебиет:**

1. Патсаев Ә.Қ., Мамытова В.К., Серимбетова К.М., Бухарбаева А.Е. Бейорганикалық химия пәнінен практикум : оқу құралы. - Шымкент, 2012.
2. Беляев А. П. Физикалық және коллоидты химия: оқулық / - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014.

**қосымша:**

3. Туребекова Г.А. Физколлоидтық химия пәнінен студенттердің өзіндік жұмыстарына дайындалуға арналған тапсырмалары. Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы, 2015.
4. Патсаев А. К. Бейорганикалық химия / Патсаев А. К., Жайлау С. Ж., Мамытова В. К., Махатов Б. Қ., 2020. - 381 с. [www.elib.kz](http://www.elib.kz)

**8. Бақылау:**

1. Концентрленген қышқылдармен және сілтілермен жұмыс істеу кезінде қандай қауіпсіздік шараларын сақтау керек?
2. Өрт шыққан жағдайда қандай шаралар қолдану керек?
3. Химиялық зертханадағы жұмыс орнында қандай ережелерді сақтау керек?
4. Пәнді оқу кезінде қандай негізгі ыдыстар мен құралдар қолданылады?

### №2 сабақ

**1. Тақырыбы:** Эквивалент, эквивалент заңы.

**2. Мақсаты:** Студент бейорганикалық химия пәнінің эквивалент заңын білуі тиіс.

**3. Оқыту міндеттері:** Студент практикалық есептер шығарғанда химияның негізгі заңдарын пайдалана білуі тиіс.

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1. Эквивалент, элемент, оксид, қышқыл, негіз және тұз эквиваленттерінің анықтамасы.
2. Реакциядағы қосылыстардың эквиваленті. Эквивалент факторы.

|                                                                                                     |                                                                                   |                                                                                                |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------|
| OÑTÚSTIK-QAZAQSTAN<br><b>MEDISINA<br/>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL<br/>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Химиялық пәндер кафедрасы»                                                                         |                                                                                   |                                                                                                |
| Тәжірибелік сабақтарға арналған нұсқаулар                                                           |                                                                                   |                                                                                                |
| 24 беттің 4беті                                                                                     |                                                                                   |                                                                                                |

3. Эквивалент заңы.

4. Эквиваленттік көлем.

**5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары/әдістері/технологиялары:** кіші топпен жұмыс

**6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері:** ауызша сұрау/ тест-бақылау, есептер шығару

**7. Әдебиет:**

1. Патсаев Ә.Қ., Мамытова В.К., Серимбетова К.М., Бухарбаева А.Е.

Бейорганикалық химия пәнінен практикум : оқу құралы. - Шымкент, 2012.

2. Беляев А. П. Физикалық және коллоидты химия: оқулық / - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014.

**қосымша:**

3. Туребекова Г.А. Физколлоидтық химия пәнінен студенттердің өзіндік жұмыстарына дайындалуға арналған тапсырмалары. Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы, 2015.

4. Патсаев А. К. Бейорганикалық химия / Патсаев А. К., Жайлау С. Ж., Мамытова В. К., Махатов Б. Қ., 2020. - 381 с. [www.elib.kz](http://www.elib.kz)

**8. Бақылау:**

1. Фосфордың  $PCl_3$  және  $PCl_5$  қосылыстарындағы эквиваленті ...

А) бірдей. В) әртүрлі.

2. Екі негізді қышқылдың эквивалентінің молярлық массасы

31 г/моль тең. Бұл ... қышқылы.

А)  $H_2SO_4$  В)  $H_2SO_3$  С)  $H_2S$  Д)  $H_2CO_3$

3. Сутектің қ.ж. эквиваленттік көлемі ... тең.

А) 5,6 л В) 11,2 л С) 22,4 л Д) 2,8 л Е) 10 л

4. 2,45 г. қышқылды бейтараптауға 2,00 г натрия гидроксиді жұмсалды. Қышқылдың эквиваленттік массасын анықтаңыз.

5.  $2H_3PO_4 + Ca(OH)_2 = Ca(H_2PO_4)_2 + 2H_2O$  тендеуде  $H_3PO_4$

эквиваленттік массасы ... тең.

А) 98 г/моль В) 49 г/моль С) 32,7 г/моль Д) 9,8 г/моль  
Е) 4,9 г/моль

### №3 сабақ

**1. Тақырыбы:** Атом құрылысы. Атомдағы квант сандарымен толтырылған электрондардың энергетикалық күйлерінің сипаттамасы. Химиялық байланыс

**2. Мақсаты:** Студент атомдардың электрондық қауыз құрылысының негізгі қағидаларын және валенттік байланыс теориясын білуі тиіс.

**3. Оқыту мақсаты:** Студент кванттық сандар жүйесі бойынша атомдардағы электрондардың энергетикалық күйін сипаттай алуды үйренуі керек.

Студент химиялық байланыстың табиғатын түсіндіріп, молекуладағы байланыс тәртібін анықтауды, байланыс қасиетін болжай алуды үйренуі керек.

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1. Атом құрылысы туралы теорияның дамуындағы негізгі кезеңдері (Томсон, Резерфорд, Бор) қандай?

|                                                                                                     |                                                                                   |                                                                                                |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------|
| OŃTÚSTIK-QAZAQSTAN<br><b>MEDISINA<br/>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL<br/>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Химиялық пәндер кафедрасы»                                                                         |                                                                                   |                                                                                                |
| Тәжірибелік сабақтарға арналған нұсқаулар                                                           |                                                                                   |                                                                                                |
| 24 беттің 5беті                                                                                     |                                                                                   |                                                                                                |

2. Квант сандары.
3. Ең кіші энергия принципі, Паули принципі, Хунд ережесі.
4. О және S – атомдарының электрондық құрылысын құрастырыңыз.
5. Химиялық байланыс түрлері.

**5.Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары/әдістері/технологиялары:** кіші топпен жұмыс

**6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері:** ауызша сұрау, тест-бақылау

**7. Әдебиет:**

1. Патсаев Ә.Қ., Мамытова В.К., Серимбетова К.М., Бухарбаева А.Е.  
Бейорганикалық химия пәнінен практикум : оқу құралы. - Шымкент, 2012.
2. Беляев А. П. Физикалық және коллоидты химия: оқулық / - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014.

**қосымша:**

3. Туребекова Г.А. Физколлоидтық химия пәнінен студенттердің өзіндік жұмыстарына дайындалуға арналған тапсырмалары. Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы, 2015.
4. Патсаев А. К. Бейорганикалық химия / Патсаев А. К., Жайлау С. Ж., Мамытова В. К., Махатов Б. Қ., 2020. - 381 с. [www.elib.kz](http://www.elib.kz)

**8. Бақылау:**

1. Бас квант саны 3-ке болғандағы энергетикалық деңгейдегі электрондардың максималды саны:  
А) 8    В) 32    С) 16    Д) 18    Е) 50
2.  $N^{-3}$  ионының сыртқы деңгейіндегі электрондар саны:  
А) 7    В) 10    С) 5    Д) 8    Е) 12
3. Магнит квант саны ... анықтайды.  
А) электрон орбиталінің пішінін  
В) жазықтықтағы электрон бұлтының арақашықтығын  
С) энергетикалық деңгей санын  
Д) электрон энергиясын
4. Егерде  $l=3$  болса, онда электрон бұлтының пішіні ... болады.  
А) s    В) p    С) d    Д) f
5. Дәрістер. Қозбаған атомдарда В, С, Al, Cr, Hg қанша жұптаспаған электрон бар.
6.  $Fe^{+2}$  және  $Fe^{+3}$  иондарының электрондық-құрылымдық схемасын құрыңдар.  $Fe^{+3}$  ионының электрондық конфигурациясының тұрақтылығы немен түсіндіріледі.
7. Элемент атомының валентті электронды қабат құрылымы берілген.  
а)  $5s^2 5p^4$     б)  $3d^5 4s^1$ . Элементтің реттік нөмірін және аталуын анықтаныз.
8. Су молекуласындағы байланыс:  
а) иондық    б) ковалентті полярлы    в) ковалентті полярсыз  
г) сутектік    д) металдық.
9. Азот қышқылындағы азоттың коваленттігі тең:  
а) 2    б) 1    в) 4    г) 3    д) 5
10. Молекуласында тотығу дәрежесі нольге тең, ал валенттілігі бірге тең элемент:  
а) HCl    б)  $N_2$     в)  $NH_3$     г)  $Cl_2$     д)  $O_2$
11.  $\pi$ -байланыс орбитальдардың қаптасуы кезінде түзіледі:

|                                                                                                     |                                                                                   |                                                                                                |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------|
| OŇTÜSTIK-QAZAQSTAN<br><b>MEDISINA<br/>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL<br/>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Химиялық пәндер кафедрасы»<br>Тәжірибелік сабақтарға арналған нұсқаулар                            |                                                                                   | 24 беттің 6беті                                                                                |

а) s-s      б) рх-s      в) рх-рх      г) ру-ру      д) рz-рz

12. Хлор атомының максимальды коваленттігі ... тең.

а) 1      б) 3      в) 4      г) 5      д) 7

6. ... байланыс молекулааралық байланысқа жатады.

а) Ковалентті полярлы      б) Ковалентті полярсыз

в) Донорлы-акцепторлы      г) Сутектік

#### №4 сабақ

**1. Тақырыбы: Ерітінділер. Берілген концентрацияда ерітінділерді дайындау.**

**2. Мақсаты:** Студент ерітінділер туралы негізгі түсініктерді және олардың концентрациясын белгілеу тәсілдерін білуі қажет.

**3. Оқыту мақсаты:** Берілген концентрация бойынша ерітінділерді дайындау үшін есептеулерді жүргізуді және өлшегіш ыдыспен, техникалық таразымен, ареометрмен жұмыс істеуді үйренуі керек.

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

1. Ерітінділер, еріткіш, еріген зат. Ерігіштік.
2. Концентрация дегеніміз не? Сұйытылған және қаныққан ерітінділер.
3. Ерітінділердің концентрациясын белгілеу тәсілдері: массалық үлес, мольдік концентрация, эквиваленттік мольдік концентрациясы, молярлық концентрация.
4. Медицина мен фармацевтикада ерітінділердің маңызы.

**5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары/әдістері/технологиялары:** кіші топпен жұмыс, зертханалық жұмыс

**6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері:** ауызша сұрау, есептер шығару

#### Зертханалық жұмыс.

**Берілген концентрация бойынша ерітінділерді дайындау**

**Вариант 1.** Кейбір ауруларға қарсы гипертоникалық деп аталатын 10%-тік NaCl ерітіндісі қолданылады. 250г гипертоникалық ерітінді даярлаңыздар. Ареометр көмегімен дайындалған ерітіндінің тығыздығын өлшеп, формула бойынша тәжірибе қателігін есептеңіздер

$$\rho_{\text{теор.}} - \rho_{\text{практ.}}$$

$$\% \text{ қате.} = \frac{\rho_{\text{теор.}} - \rho_{\text{практ.}}}{\rho_{\text{теор.}}} \cdot 100\%$$

**Гипертоникалық ауру кезінде қанға 0,9%-тік NaCl ерітіндісі енгізіледі.** Сіз дайындаған 10%-тік ерітіндіден ( $\rho = 1,006 \text{ г/мл}$ ) 200мл 0,9%-тік ерітінді даярлаңыздар.

**Вариант 2.** 250мл 0,1н ерітінді дайындау үшін 98%-ті  $\rho = 1,8 \text{ г/мл}$   $\text{HNO}_3$  қандай көлемі қажет екені есептеңіздер. Ареометр көмегімен, дайындалған ерітіндінің тығыздығын өлшеңіз.

**Вариант 3.** 250мл 0,2М мыс сульфаты ерітіндісін дайындау үшін қанша грамм кристаллогидрат  $\text{CuSO}_4 \cdot 5\text{H}_2\text{O}$  алу керектігін есептеңіздер. Дайындалған ерітіндінің ареометрмен тығыздығын анықтап, сол тығыздық мәні бойынша ерітіндінің массалық үлесін анықтаңыздар.

**7. Әдебиет:**

1. Патсаев Ә.Қ., Мамытова В.К., Серимбетова К.М., Бухарбаева А.Е.  
Бейорганикалық химия пәнінен практикум : оқу құралы. - Шымкент, 2012.

|                                                                                                     |  |                                                                                                                                                                                     |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA<br/>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | <br>SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL<br/>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Химиялық пәндер кафедрасы»                                                                         |  | 24 беттің 76еті                                                                                                                                                                     |
| Тәжірибелік сабақтарға арналған нұсқаулар                                                           |  |                                                                                                                                                                                     |

2. Беляев А. П. Физикалық және коллоидты химия: оқулық / - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014.

**қосымша:**

3. Туребекова Г.А. Физколлоидтық химия пәнінен студенттердің өзіндік жұмыстарына дайындалуға арналған тапсырмалары. Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы, 2015.

4. Патсаев А. К. Бейорганикалық химия / Патсаев А. К., Жайлау С. Ж., Мамытова В. К., Махатов Б. Қ., 2020. - 381 с. [www.elib.kz](http://www.elib.kz)

**8. Бақылау:**

- ... қышқылында  $C_H$  мен  $C_M$  сәйкес келеді.  
а)  $H_2SO_4$       б)  $HNO_3$       в)  $H_2CO_3$       г)  $H_3PO_4$
- ... негіз үшін  $C_H$   $C_M$ -ға қарағанда 2 есе үлкен.  
а) КОН      б)  $Al(OH)_3$       в) NaOH      г)  $Ba(OH)_2$
- 500мл 1,5М глюкоза ерітіндісін дайындау үшін ... грамм глюкоза алу қажет.  
а) 170 г      б) 100г      в) 135 г      г) 65 г      д) 95 г
- 400мл 0,5н ерітінді құрамында  $CuSO_4$  массасы ... тең.  
а) 8г      б) 32 г      в) 10 г      г) 16 г
- 20% ерітінді алу үшін 350г 12%-тік ерітіндіге 40% ерітіндінің ... массасын құю керек.  
а) 112г      б) 224г      в) 56г      г) 100г      д) 150г
- 96%-тік күкірт қышқылы ( $\rho=1,84$ г/мл) ерітіндісінің мольдік концентрациясы ... тең.  
а) 18м      б) 36м      в) 9м      г) 12м      д) 20м
- 36%-тік HCl ерітіндісінің ( $\rho=1,19$ г/мл) эквиваленттік мольдік концентрациясы ... тең.  
а) 14н      б) 5,6н      в) 1,2н      г) 11,7н      д) 28н
- 30мл 0,1н сілті ерітіндісін бейтараптау үшін 12мл қышқыл ерітіндісі жұмсалды.  
Қышқылдың нормалдылығы... тең.  
а) 0,2н      б) 0,25н      в) 0,3н      г) 0,1н      д) 0,05н.

**№ 5сабақ**

**1.Тақырыбы: Электролиттік диссоциация теориясының негізгі қағидалары.**

**Диссоциация тұрақтысы мен дәрежесі.**

**2.Мақсаты:** Студент электролиттік диссоциация теориясының негізгі жағдайларының әсер ету механизмін білуі тиіс.

**3.Оқыту мақсаты:** Студент ортаның рН-ын тұрақты ұстау үшін иондық реакцияның жүру мүмкіндігін болжай алуы керек.

**4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**

- Электролиттер және бейэлектролиттер. Электролиттердің жіктелуі.
- Диссоциация тұрақтысының әртүрлі факторларға тәуелділігі.
- Диссоциациялану дәрежесі, оның әртүрлі факторларға тәуелділігі.
- Электролиттік диссоциация теориясының негізгі қағидалары.
- Индикаторлар.

**5.Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары/әдістері/технологиялары:** кіші топпен жұмыс, зертханалық жұмыс

**6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері:** ауызша сұрау/ есеп шығару.

|                                                                                                     |                                                                                   |                                                                                                |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------|
| OÑTÜSTIK-QAZAQSTAN<br><b>MEDISINA<br/>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL<br/>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Химиялық пәндер кафедрасы»<br>Тәжірибелік сабақтарға арналған нұсқаулар                            |                                                                                   | 24 беттің 8беті                                                                                |

### Зертханалық жұмыс

#### Индикаторлар

Үш таза сынауықтар алып, біріншісіне 0,1 н, тұз қышқылы ертіндісін, екіншісіне дистильденген су, үшіншісіне 0,1н, сілті ертіндісін құйыңыздар. Үш сынауықтардағы индикаторлар түсінің өзгеруін белгілеңіз және нәтижелерін кесте түрінде жасаңыздар. Дәл осылай етіп нәтижелерді фенолфталеинмен және метилоранж ертінділерімен жасаңыздар.

| Орта         | Қышқыл | Бейтарап | Сілті |
|--------------|--------|----------|-------|
| Лакмус       |        |          |       |
| Фенолфталеин |        |          |       |
| Метилоранж   |        |          |       |

#### 7.Әдебиет:

- 1.Патсаев Ә.Қ., Мамытова В.К., Серимбетова К.М., Бухарбаева А.Е. Бейорганикалық химия пәнінен практикум : оқу құралы. - Шымкент, 2012.
2. Беляев А. П. Физикалық және коллоидты химия: оқулық / - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014.

#### қосымша:

- 3.Туребекова Г.А. Физколлоидтық химия пәнінен студенттердің өзіндік жұмыстарына дайындалуға арналған тапсырмалары. Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы, 2015.
- 4.Патсаев А. К. Бейорганикалық химия / Патсаев А. К., Жайлау С. Ж., Мамытова В. К., Махатов Б. Қ., 2020. - 381 с. [www.elib.kz](http://www.elib.kz)

#### 8. Бақылау:

1. Қандай факторлар әлсіз электролиттердің диссоциациясын күшейтеді?
2. Диссоциация тұрақтысы мен дәрежесі қандай факторларға тәуелді?
3. Диссоциация тұрақтысы ... тәуелді  
А. концентрацияға В. қысымға С. температураға
4. Күшті электролит:  
А.  $H_2SO_4$  В.  $H_3PO_4$  С.  $HNO_2$  Д.  $HI$  Е.  $HCN$
5. Әлсіз электролит:  
А.  $HCl$  В)  $Na_2CO_3$  С)  $NaOH$  D)  $Ba(OH)_2$
6.  $C_3H_7COOH$  май қышқылының диссоциациялану тұрақтысы  $1,5 \cdot 10^{-5}$  тең.  
0,005 м ертіндіде оның диссоциациялану дәрежесі ... тең.  
А)  $5,5 \cdot 10^{-4}$  В)  $5,5 \cdot 10^{-2}$  С)  $5,5 \cdot 10^{-1}$  Д) 0,5 Е) 1,2

#### №6 сабақ

##### 1. Тақырыбы: Судың иондық көбейтіндісі. Су тектік көрсеткіш рН. Ерігіштік көбейтіндісі (ЕК). Буферлі ерітінділер.

**2. Мақсаты:** Студент электролит және бейэлектролит ерітінділердегі химиялық тепе-теңдіктің негізгі типтерін, сондай-ақ тұнбаның еру және түзілуінің негізгі жағдайлары мен буферлі жүйелердің әсер ету аймағын білуі тиіс.

**3. Оқыту мақсаты:** Студент ортаның сипатын сапалы және сандық түрде бағалай алуы және есептер шығару кезінде ЕК, рН түсініктерін қолдана алуы керек. буферлі жүйенің қолданылуы мен әсерін болжай білуі тиіс.

|                                                                                                           |  |                                                                                                                                                                                           |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA</b><br><b>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | <br>SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL</b><br><b>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Химиялық пәндер кафедрасы»                                                                               |  | 24 беттің 9беті                                                                                                                                                                           |
| Тәжірибелік сабақтарға арналған нұсқаулар                                                                 |  |                                                                                                                                                                                           |

#### 4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Судың иондық көбейтіндісі. Су тектік көрсеткіш (рН).
2. Ерітіндідегі сутегі иондарының концентрациясы  $4 \cdot 10^{-3}$  моль/л тең. Ерітіндінің рН және рОН анықтаңыз.
3. Ерігіштік көбейтіндісі (ЕК).
4. Буферлі жүйелер және олардың жіктелуі. Буферлі әсер ету аймағы.

**5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары/әдістері/технологиялары:** кіші топпен жұмыс, зертханалық жұмыс

**6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері:** ауызша сұрау/есеп шығару.

#### Зертханалық жұмыс

**Буферлі ерітіндіні дайындау және буферлі ерітіндінің рН сұйылтудың әсерін анықтау .**

Буферлі ерітінді дайындауға 0,1 н.  $\text{CH}_3\text{COOH}$  және 0,1 н.  $\text{CH}_3\text{COONa}$  ерітінділері алынады.

Үш пробиркаға 0,1н  $\text{CH}_3\text{COOH}$  және 0,1н  $\text{CH}_3\text{COONa}$  концентрацияларының арақатынасы келесідей болатын қоспаларды дайындау.

а) 9:1; б) 5:5; в) 1:9.

Дайындалған әр ерітінділердің жалпы көлемі 10 мл. Пробиркалардағы қоспаларды араластырыңыз. Әр пробиркадан 1 мл. ерітінді алып, оны таза пробиркаларға құйып, олардың әрқайсысына 8 мл.-ден су қосыңыз. Сұйытылған әр ерітіндіні араластырыңыз. Барлық дайындалған ерітінділерге 5 тамшы лакмидтың спирттік ерітіндісін қосып, ерітінділерді араластырыңыз.

Ерітінді түстерін жазып, салыстырыңыз. Ерітіндідегі индикатордың бірдей түсі нені білдіреді? Дайындалған ерітінділердің рН есептеңіз.

К • қышқыл

Мысалы:  $[\text{H}^+] = \frac{K \cdot \text{қышқыл}}{\text{тұз} \cdot \alpha}$ ;  $\text{pH} = -\lg[\text{H}^+]$

Сірке қышқылының диссоциация тұрақтысы  $K = 1,86 \cdot 10^{-5}$ ;  $\alpha = 0,79$

6 мл қышқылдан және 4 мл тұздан тұратын буферлі қоспаның  $[\text{H}^+]$  және рН мәндерін есептеңіз:

$$[\text{H}^+] = 1,86 \cdot 10^{-5} \cdot \frac{6}{4 \cdot 0,79} = 2,36 \cdot 10^{-5} \cdot 1,89 = 3,53 \cdot 10^{-5};$$

$$\text{pH} = -\lg 3,53 \cdot 10^{-5}$$

Бақылау мен есептеулердің нәтижесін кестеге енгізіңіз:

| Пробирканың №                                                       | 1   | 2   | 3   |
|---------------------------------------------------------------------|-----|-----|-----|
| Буферлі ерітіндідегі қышқыл мен тұз концентрацияларының арақатынасы | 9:1 | 5:5 | 1:9 |
| Лакмид ерітіндісі қосылғандағы ерітіндінің өзгерген түсі            |     |     |     |
| Сұйылтылған буферлі ерітіндінің пробиркасының №                     |     |     |     |
| Сұйылтылған буферлі ерітіндідегі қышқыл мен тұздың арақатынасы      |     |     |     |

|                                                                                                     |  |                                                                                                                                                                                     |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA<br/>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | <br>SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL<br/>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Химиялық пәндер кафедрасы»                                                                         |  | 24 беттің                                                                                                                                                                           |
| Тәжірибелік сабақтарға арналған нұсқаулар                                                           |  | 10беті                                                                                                                                                                              |

|                                                           |  |  |  |
|-----------------------------------------------------------|--|--|--|
| Лакмоид ерітіндісі қосылғандағы ерітіндінің өзгерген түсі |  |  |  |
| pH                                                        |  |  |  |

### 7.Әдебиет:

- 1.Патсаев Ә.Қ., Мамытова В.К., Серимбетова К.М., Бухарбаева А.Е. Бейорганикалық химия пәнінен практикум : оқу құралы. - Шымкент, 2012.
2. Беляев А. П. Физикалық және коллоидты химия: оқулық / - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014.

### қосымша:

- 3.Туребекова Г.А. Физколлоидтық химия пәнінен студенттердің өзіндік жұмыстарына дайындалуға арналған тапсырмалары. Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы, 2015.
- 4.Патсаев А. К. Бейорганикалық химия / Патсаев А. К., Жайлау С. Ж., Мамытова В. К., Махатов Б. Қ., 2020. - 381 с. [www.elib.kz](http://www.elib.kz)

### 8. Бақылау:

1. Қышқылдық, сілтілік, бейтарап ортада рН-ң мәні нешеге тең?
- 2.Қышқылдық, сілтілік, бейтарап ортада сутегі, гидроксид иондарының концентрациясы нешеге тең?
- 3.Диссоциация дәрежесі 4,2% концентрациясы 0,01н тең болатын сірке қышқылының рН-ы ... тең болады.  
 А. 4,5      В. 9,5      С. 3,38      Д. 6,5      Е. 10,62
4. 1 л таза суға 0,001 моль натрий гидроксидін қосқанда, судың рН-ы...  
 А. 4 бірлікке төмендейді.      В. 4 есе артады.  
 С. 2 есе төмендейді.      Д. 4 бірлікке артады.
- 5.Ерітіндідегі гидроксид иондарының концентрациясы  $10^{-6}$  моль/л тең болғанда, ерітіндінің рН-ы ... тең  
 А. 6      В. 10      С. 8      Д. 4      Е. 11
6. 2 бірлікке рН-ты төмендеткенде, сутегі ионының  $H^+$  концентрациясы ...  
 А. 2 есе өседі.      В. 2 есе төмендейді.      С. 100 есе артады.  
 Д. 100 есе азаяды.      Е. 10 есе артады.
- 7.Егер  $CaF_2$  тұзының  $EK=4 \cdot 10^{-11}$  болса, осы тұздың моль/л-дегі ерігіштігін есептеп шығарыңыз.
8.  $AgCl$  ерігіштігін төмендету үшін оның қаныққан ерітіндісіне ... қосу керек.  
 А)  $KNO_3$       В)  $NH_4Cl$       С)  $HNO_3$       Д)  $NH_4O_4$
9. ... тұратын жүйелер буферлі әсерге ие.  
 А) күшті қышқыл мен әлсіз негізден  
 В) күшті қышқыл мен күшті негізден  
 С) әлсіз қышқыл мен осы қышқыл тұзы және күшті негізден  
 Д) күшті қышқыл мен осы қышқыл тұзы және әлсіз негізден
10. Буфер әсер ету аймағын анықтайтын теңдеу:  
 А)  $pH = -lg[H^+]$       В)  $pH + pOH = 14$   
 С)  $pH = pK \pm 1$       Д)  $pH = pK - lg C_K / C_T$
11. Буферлі жүйе:  
 А)  $H_2SO_4 + H_2CO_3$       В)  $H_2CO_3 + NaHCO_3$   
 С)  $NH_4OH + CH_3COOH$       Д)  $NaCl + Na_2CO_3$

|                                                                                                     |                                                                                   |                                                                                                |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA<br/>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL<br/>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Химиялық пәндер кафедрасы»<br>Тәжірибелік сабақтарға арналған нұсқаулар                            |                                                                                   | 24 беттің<br>11беті                                                                            |

### №7 сабақ

#### 1. Тақырыбы: Кешенді қосылыстар және олардың қасиеттері.

**2.Мақсаты:** Студент кешенді қосылыстардың негізгі құрылыс теориясы мен олардың түзілуін білуі тиіс.

**3. Оқыту мақсаты:** Студент кешен түзу реакциясындағы қосылыстардың қасиеттерін болжауды үйренуі керек.

#### 4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Кешенді қосылыстардың құрылысы.
2. Кешен түзуші мен лиганда арасындағы химиялық байланыстың табиғаты қандай?
3. Кешенді қосылыстарды қалай алады? Мыс амиакатын алудың реакция теңдеуін жазыңыз.
4. Кешенді қосылыстардың тұрақтылығы қандай шамамен анықталады?
5. Кешенді изомерлер.

**5.Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары/әдістері/технологиялары:** кіші топпен жұмыс, зерт.жұмыс

**6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері:** ауызша сұрау /тест-бақылау.

#### Зертханалық жұмыс

#### 1-тәжірибе. Кешенді қосылыстардың алынуы.

##### а) Мырыш амиакатының түзілуі.

1мл мырыш ацетаты ерітіндісіне мырыштың негіздік тұзының ақ тұнбасы түскенше амиактың судағы ерітіндісін баяу тамшылатып қосыңыз. Кейін осы тұнба ерігенше аммоний гидрототығының концентрлі ерітіндісін тамызыңыз. Реакция теңдеулерін молекулалық және иондық түрде жазыңыз.

##### б) Мыс амиакатының түзілуі.

Мыс сульфатының 1мл ерітіндісіне мыстың негіздік тұзы түскенше амиак ерітіндісімен әрекеттестіріңіз. Алынған тұнбаға ерігенше амиак ерітіндісінің артық мөлшерін құйыңыз.

#### 2-тәжірибе. Кешенді қосылыстардың диссоциациясы.

Сынап (II) нитраты ерітіндісінен сынауыққа 1мл құйыңызда, оған тұнба түскенше калий бромидінің ерітіндісін тамызыңыз. Кейін тұнбаны калий бромидінің аз мөлшерінде ерітіңіз. Алынған ерітіндіні калий иодидінің ерітіндісімен әрекеттестіріңіз. Мұнда сынап (II) иодиді тұнбаға түседі. Реакция теңдеуін молекулалық және иондық түрде жазыңыз.

#### 3 -тәжірибе. Хром III аквокешендерінің гидраттық изомериясы.

Екі сынауыққа хром хлоридінің бірнеше кристалдарын салыңыз да екеуіне де 10 тамшыдан су қосыңыз. Бірінші сынауықты жылытқышта қыздырыңыз. Ерітіндінің түсі қалай өзгергенін байқаңыз. Хром аквокешендерінің қайсысы бөлме температурасында тұрақты? Келтірілген изомерлердің рационалдық атауын беріңіз.

#### 7. Әдебиет:

- 1.Патсаев Ә.Қ., Мамытова В.К., Серимбетова К.М., Бухарбаева А.Е. Бейорганикалық химия пәнінен практикум : оқу құралы. - Шымкент, 2012.
2. Беляев А. П. Физикалық және коллоидты химия: оқулық / - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014.

**қосымша:**

|                                                                                                     |                                                                                   |                                                                                                |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN<br><b>MEDISINA<br/>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL<br/>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Химиялық пәндер кафедрасы»<br>Тәжірибелік сабақтарға арналған нұсқаулар                            |                                                                                   | 24 беттің<br>12беті                                                                            |

3. Туребекова Г.А. Физколлоидтық химия пәнінен студенттердің өзіндік жұмыстарына дайындалуға арналған тапсырмалары. Оқу-әдістемелік құралы. – Алматы, 2015.

4. Патсаев А. К. Бейорганикалық химия / Патсаев А. К., Жайлау С. Ж., Мамытова В. К., Махатов Б. Қ., 2020. - 381 с. [www.elib.kz](http://www.elib.kz)

## 8. Бақылау:

- Кешенді қосылыстардың тұрақтылығын қандай шама бойынша түсіндіреді?
- Қандай элемент атомдары кешен түзуші бола алады?
- Қандай заттар изомер деп аталады? Изомердің қандай түрлері бар?
- Кешен түзуші мен лиганда арасындағы байланыс:
  - сутектік
  - иондық
  - полярлы
  - донорлы-акцепторлы
- Келесі кешенді қосылыстардағы кешен түзушінің зарядын анықтаңыз:  
 $[\text{Fe}(\text{CN})_6]^{4-}$ ,  $[\text{Cr}(\text{H}_2\text{O})_2\text{Br}_4]^-$ ,  $[\text{Pt}(\text{NH}_3)_4\text{Cl}_2]^{2+}$ ,  $[\text{Ag}(\text{S}_2\text{O}_3)_2]^{3-}$
- Күшті қышқыл:
  - HCN
  - $\text{H}[\text{Ag}(\text{CN})_2]$
- Тұрақты кешенді қосылыс:
  - $\text{K}_4[\text{Hg}(\text{CN})_4]$
  - $\text{K}_4[\text{Fe}(\text{CN})_6]$

## №8 сабақ

### 1. Тақырыбы: Тотығу-тотықсыздану үдерістері

- Мақсаты:** Студент тотығу-тотықсыздану реакцияларының негізгі жүру заңдылықтарының жағдайын білуі тиіс.
- Оқытудың мақсаты:** Студент тотығу – тотықсыздану реакцияларына теңдеулер құруды және электрондар тасмалдауымен реакция бағыттарын болжауды үйренуі керек.
- Тақырыптың негізгі сұрақтары:**
  - Тотығу-тотықсыздану реакцияларының жіктелуі.
  - Қандай күшті тотықтырғыштар мен тотықсыздандырғыштар бар?
  - Қандай заттар екі жақтылық – тотықтырғыш және тотықсыздандырғыштық қасиет көрсетеді?

**5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары/әдістері/технологиялары:** кіші топпен жұмыс, зертханалық жұмыс

**6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері:** ауызша сұрау/тест-бақылау.

### Зертханалық жұмыс.

#### 1 тәжірибе. а) Темір (II) тұздарының тотықсыздандырғыштық қасиеттері.

Екі сынауыққа 1 мл-ден темір (II) сульфатының ерітіндісін құйыңыз, екеуіне де  $\text{H}_2\text{SO}_4$  4н ерітіндісінен 1 мл құйыңыз. Бірінші сынауыққа 5-6 тамшы калий перманганатының ерітіндісінен, екіншісіне калий дихроматының ерітіндісін тамшылатып қосыңыз.

|                                                                                                     |                                                                                   |                                                                                                |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН<br><b>MEDISINA<br/>AKADEMIASY</b><br>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  | SOUTH KAZAKHSTAN<br><b>MEDICAL<br/>ACADEMY</b><br>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Химиялық пәндер кафедрасы»<br>Тәжірибелік сабақтарға арналған нұсқаулар                            |                                                                                   | 24 беттің<br>13беті                                                                            |

